



МҒТАР 17.01.21

Ғылыми мақала

Ә.Д. Қабылов¹ , Н.С. Қамарова^{2*} 

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

(E-mail: ¹adlet_kabylov@mail.ru, ²nagbdu@mail.ru)

Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ- КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының идеялық-көркемдік ерекшеліктері пайымдалады. Жазушының шығармашылығында өзінің жаңашылдығымен назар аударған бұл шығармасы автордың кейіпкер бейнесін ашуда оның ішкі әлеміне терең бойлау арқылы жан-дүниесін асқан көркемдікпен танытқан туынды болды. Кезінде әдебиетімізде жаңалық болған жазушы шығармаларындағы авторлық баяндау мен кейіпкер сөзі, ой-танымы, ішкі жан әлемінің жай-күйі астасып жататын «тоғыспалы стиль» сипаттары жазушының аталмыш романының мысалында қарастырылады. XX ғасыр философиясындағы адам тіршілігінің алуан сырына ден қоятын экзистенциализм ағымының романның дүниетанымдық концепциясына әсерін байқауға болады. Адамның ішкі жан дүниесіне бойлай отырып, тіршілігінің бірегей мәнін ұғынуға деген талабын психологиялық тұрғыдан рухани-эмоционалдық болмысын бейнелеу арқылы көрсету әлем жазушыларының назарын аударған болатын. Адамның жеке өміріне, олардың сезім әлеміне, айналасында болып жатқан оқиғаларды қабылдау ерекшеліктеріне көңіл аударатын модернистік әдебиеттегі ой-таным, әсер, жан әлемінің қозғалыстарын «сана ағымы» арқылы бейнелеу жазушының поэтикалық мәнерінен айқын көрінеді. Романның идеялық-көркемдік сипаттары автордың даралық стиль ерекшеліктері арнасында талданады. Шығармалардағы тіл көркемдігі, психологиялық талдау арналары назарда ұсталып, автордың көркемдік ұстанымына баға беріледі.

Түйін сөздер: Әбіш Кекілбаев, проза, роман, жанр, тақырып, идея, көркемдік.

Түсті: 30.11.2025; Жөнделді: 08.12.2025; Мақұлданды: 20.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

«Аңыздың ақыры» романы – Ә.Кекілбаевтың суреткерлік шеберлігін, ойшылдығы мен адам жанының түрлі құбылыстарына, психологиясына терең бойлайтын дегдарлығын танытқан, есімін әлемге әйгілеген болмысы бөлек туынды. Бұл шығарма кезінде әдебиетімізде ерекше құбылыс болғанын да айта кетуіміз керек. Ол оқырмандар мен әдебиетші қауымның жоғары бағасын алды. Романның бірден шетел тілдеріне аударылып, әлем оқырмандарының назарын аударуы да тегін емес.

Бұл роман туралы Г.Бельгер былай деп жазады: «Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады» (Кекілбаев, 1989).

Роман тарихи тақырыпқа арналғанымен, нақты бір тарихи тұлғаны немесе оқиғаны негізге алған деуге болмайды. Жазушы шығармада тарихи деректерді пайдаланғанымен, оларды өзінің суреткерлік мақсатына орай сүзгіден өткізіп, бүгінгі күннің де маңызды мәселелерін өзек еткен – жалпыадамзаттық әлеуметтік сұрақтарды философиялық, психологиялық тұрғыдан сұрыптап, адамның ішкі әлеміне бойлау арқылы көркемдік тұрғыдан бейнелейді.

Романның ілкі дереккөздері, оларды суреткерлікпен игеру мен ойшылдықпен пайымдауы туралы жазушы былай деп жазады: «...Романда нақты Ақсақ Темірдің емес, сол замандағы шығыс деспотының, дәлірек айтқанда, деспотизмнің жиынтық бейнесін жасауды мақсұт тұттым» (Дүйсенбаева, 2007).

Романда Ақсақ Темірдің өміріне қатысты кейбір деректер негізге алынғанмен, автор онымен шектеліп қалмай, суреткерлік қиялмен байытып, жазушылық мақсатта өрістетеді. Ол туралы жазушы М.Ысқақбай былай дейді: «Автор өз шығармасында Темірдің ел басқару ісіндегі жүргізген кейбір саясатын, ордада қолданған шартты ғұрып-қаделерін (ритуалдарын) және сүйікті бәйбішесіне мазар көтерген шеберлерді қанды жазаға ұшыратқан сойқан қылығын ғана елеп-екшеп қажетіне жаратқан. Ал романның негізгі фабуласы түгелдей жазушы фантазиясының жемісі» (Ысқақбай, 1975).

Шығармада шарттылық элементтері көп: автор нақты тарихи тұлғаның өміріне қатысты оқиғаны суреттеуді емес, жалпы өмір құбылысы мен адам болмысын, адам өмірінің проблемасын шартты орта мен бейнелер арқылы ашуды мақсат еткен. Шығармада Орта Азия тарихына қатысты мәліметтер, оқиғалар мен орындар, хандық басқару жүйесінің нышандары, халық тұрмысы, әдет-ғұрыптар бейнеленгенмен, автор ешбір тарихи датаны көрсетпейді, Өміршінің нақты кім екенін, Байтақтың қай қала екенін ашып айтпайды. Тек зерделі оқырманның ойына Ақсақ Темірдің Үнді мен Қытайға жорықтары, Бибі ханша салдырған Самарқандтағы мешіт, көне Үргеніштегі мұнара туралы аңыздар келетіні анық.

Жазушының өзі бір сұхбатында айтқандай, бұл шығарманың жазылуына автордың өзі өмір сүріп отырған заманның да ықпалы болса керек. Автор XX ғасырдың 60-70 жылдарында кеңестік билік пен қоғам арасындағы қайшылықты, биліктің қоғам мен жеке адамға зорлығын түспалдап, билік пен өнер жайында шығарма жазуды ойлайды: «Адамға зорлық жүрген жердің өзінде ішкі сенім болмай қалатындығы сонша – керемет алапат нәрсенің бәрі пендешіліктің жай бір көрінісі болып қалатындығын түспалдап жеткізетін роман жазу керек болды» (Дүйсенбаева, 2002).

XX ғасыр философиясындағы адам тіршілігінің алуан сырына ден қоятын экзистенциализм ағымының романның дүниетанымдық концепциясына әсерін байқау

қиын емес. Адамның ішкі жан дүниесін терең аша отырып, тұрмыс-тіршілігінің бірегей мәнін ұғынуға деген талпынысты психологиялық тұрғыдан, оның рухани-эмоционалдық болмысын бейнелеу арқылы көрсету XX ғасырдағы әлемнің көптеген жазушыларының назарын аударған болатын.

Адамның жеке өміріне, олардың ішкі ғаламына, айналасында болып жатқан оқиғаларды қабылдау ерекшеліктеріне көңіл аударатын модернистік әдебиеттегі ой-таным, әсер, жан әлемінің қозғалыстарын «сана ағымы» арқылы бейнелеу жазушының поэтикалық мәнерінен айқын көрінеді.

Роман шиеленісті, шым-шытырық оқиғалар суреттелетін шымыр сюжетке құрылмаған, кейіпкерлердің саны да санаулы. Және ол кейіпкерлер іс-әрекет үстінде емес, негізінен көңіл-күйлеріндегі күйзелістерімен, рефлексиялық толғаныстарымен, ішкі әлеміндегі арпалыстарымен көрінеді. Шығарма оқиғасы негізінен, кейіпкерлердің ішкі ой-толғаныстары арқылы беріледі. Авторлық баяндау арнасы кейіпкерлердің ойымен, ішкі әлеміндегі күйзелістерімен, жан арпалыстарымен астасып жатады. Жазушы негізінен үшінші жақтан баяндап отырғанымен, ол көбінесе кейіпкерлердің ішкі ойы болып келеді, авторлық баяндау аясында кейіпкерлердің сөзі мен ойы астасып жатады. Кейде автор кейіпкер рөліне кіріп, сол болып ойланады-толғанады, тіпті кейіпкердің бастан кешіп отырған күйді өз басынан өткеріп отырғандай суреттейді. Яғни автор жеке кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіне барлау жасап, олардың ішкі әлемінде болып жатқан жан жүйесіндегі процестерді психологиялық талдау жолымен бейнелейді. Бұл туралы ғалым Г. Пірәлиева: «Кейіпкердің іштей күрделі қақтығысқа, ішкі психологиялық тартысқа құрылуы – Әбіш творчествосына тән қасиет. Оның бір үздік үлгісі де осы «Аңыздың ақыры» романы», – деп жазады (Пірәлиева, 2001).

Әдістеме және зерттеу әдістері

Мақалада жазушының «Аңыздың ақыры» романының мазмұндық, идеялық-көркемдік ерекшеліктері арнайы зерделенеді. Онда қазақ әдебиеттанушы ғалымдары мен зерттеушілер М. Ысқақбай, Ж. Дүйсенбаева, Г. Пірәлиева, Т. Тоқбергенов, Қ. Жүсіп, Қ. Ергөбек, Ж. Дәдебаев т.б. ғалым-зерттеушілердің еңбектері және шетелдік әдебиеттанушылардың еңбектеріндегі тұжырымдар басшылыққа алынды. Негізгі дереккөз ретінде жазушының шығармалар жинағы, «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясы (1-том) назарға алынды.

Тақырыпты игеру мен мәселені зерттеу барысында әдетте типологиялық, тарихи және жүйелік әдіс, сонымен қатар әдеби талдау, психологиялық және логикалық әдістер қолданылады. Басты әдіснамалық негіз – зерттеу нысаны ретінде көркем шығарманы танудағы әдеби-тарихи салыстырмалы әдіс әдеби-мәдени мұраларды зерделеудегі теориялық тірек ретінде таңдалды.

Нәтижелер мен талқылау

Негізгі орталық кейіпкерлері үшеу, олар – Әмірші (Алмас хан), Кіші ханым және Жаппар шебер. Олардың арасындағы тартыс та ашық суреттелмейді, шығармадағы негізгі тартыс кейіпкерлердің ішкі әлемінде болып жатқан психологиялық көңіл-күй, ой шарпысулары, жан қиналысы, ішкі арпалыстар арқылы өрбіп отырады. Әмірші, Кіші ханым мен Жаппардың жан әлеміндегі күрделі сырлар, терең психологиялық иірімдер, толғаныстар мен арпалыстар бастан-аяқ авторлық баяндау мен кейіпкердің ішкі ойы, монологы тоғысып жататын жазушының бірегей тоғыспалы стилі арқылы

баяндалады. Шығармадағы кейіпкерлердің күрделі психологиялық жай-күйлерін бастан-аяқ мұншалықты бірыңғай сана ағыны арқылы шеберлікпен бейнелеу қазақ әдебиетінде оған дейін болған емес. Қазақ прозасындағы психологиялық талдау, сана ағыны әдісін осыншалықты деңгейге шығарып суреттеу – суреткердің әдебиетімізге әкелген жаңалығы екені даусыз.

Роман «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат» және «Аңыздың ақыры» деген төрт тараудан тұрады. Атап өтерлігі, әр тарауда шығармадағы оқиғаға белгілі бір кейіпкердің көзімен қарап, соның ойымен пайымдап, соның атынан баға берілетіндігі. Және ондай баға, шешімдер бірден қалыптаса қалмай, мың құбылған көңіл күйдің айнасындай сан өзгеріп, динамикалық түрде дамытылып отырады.

Бас кейіпкер Әмірші «жарты әлемді уысында ұстаған билеуші» болғанымен, романда соғыс көріністері, ел мен жерді жаулау суреттері жоқ. Алмас ханның ұзақ жылғы жорықтан кейін келесі жорыққа дейін біраз уақыт тынығып алу үшін еліне келген кездегі, бейбіт уақыттағы оқиғалар суреттеледі.

«Қызыл алма» деген алғашқы тарауда жорықтан оралғанда дастарханына Үлкен ханым жіберген қызыл алма нені тұспалдайды, мұнысымен неге айтқысы келген деп Әміршінің дағдаруы, Кіші ханым салдырған мұнараның бойындағы құпияны ашпақ боп ойының сан-саққа жүгіруін көреміз; «Мұнара» деп аталатын екінші тарауда Жаппардың ойы арқылы ашылатын оның өмір жолы мен жан сыры, Кіші ханымға деген сезімі ашылады; «Махаббат» атты үшінші тарауда Кіші ханымның ішкі сыры, сәт сайын өзгертін сезім құбылыстары, махаббатқа адалдық пен жастық сезім қайшыласқан жан күйзелісі баяндалады. Ал «Аңыздың ақыры» аталатын соңғы тарауда жаңа жорыққа аттанған Әміршінің көргендері, оның ойы арқылы соңғы кезде орын алған оқиғалар мен Әміршінің ішкі күйзелістерінен туындайтын дағдарысы мен ажалы суреттеледі.

Былай қарағанда, шығарманың фабуласы осындай бірер сөйлеммен баяндауға болатындай қарапайым. Алайда осынау бір билік иесінің алапат күші мен қуаты бола тұра, өмірлік тәжірибесі мен ел билеу мүмкіндігінің шексіздігіне қарамастан, адам өмірінің ең бір қиналған кезеңінде тығырықтан шығар жол іздеп, дұрыстық пен бұрыстықты ажырата алатын қисын таппай қиналып аласұруы, рухани дағдарысы, жоғары билік иесі мен қарапайым адам-пенденің бұл өмірдегі мақсаты мен миссиясы, өмірдің мәні, бақыт пен махаббат, даңқ пен дақпырт, мәңгілік пен жалғандық, өмірдің тұрлаусыздығы секілді қарапайым адами қағидалар туралы ойлану арқылы жаңа түсініктерге жететіні және ондай түсініктердің жалпы адам баласына ортақтығы, тек оны пайымдаудың түрлі ракурстары назар аудартады.

Романның басында ұлы шөлдегі сусыма құмға аттары малтығып келе жатып, Әмірші өмірдің өткіншілігі туралы ойға шомады. Шығарма экспозициясындағы осы сарын – кейіпкердің іштей өзімен-өзі ойға батуы – романның өне бойында тұрақты сақталып, шығарманың лирикалық, романтикалық сипатын айқындап отырады. «Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр», – деген секілді өмірдің баянсыздығын тұспалдайтын метафоралық суреттемелер кейіпкердің ішкі ойымен астасып, адам мен табиғаттың бірлігін танытатын детальдар арқылы кейіпкер ойымен үндесіп жатады. Авторлық баяндау табиғат құбылысымен салыстырыла қарастырылатын Әміршінің ішкі ойымен астасып, өмірдің өткіншілігі, тұрлаусыздығы, баянсыздығы туралы пайыммен дамытыла түседі.

Романдағы бас кейіпкер Өмірші – күрделі тұлға. Оны тек бар ниеті билік пен байлыққа ауған, тек жауыздығымен аты шыққан, мейірім мен адами қасиеттерден жүрдай деп біржақты бағалауға болмайды. Билікке қолы жеткен соң Шыңғыс хан дәстүрін берік ұстанған Алмас хан – айналасына жіті қараған, арғы-бергіні таразылап, ақылмен де, айламен де әрекет ететін саналы билік иесі.

Алмас ханның мұндай жоғары билікке қолы бірден жеткен жоқ, яғни тақ пен бақ, билік пен дәулет оған атадан мұра болып қалған емес. Арғы аталары әскер басы болған, ол да бір кәрі билеушінің әскер басы – өмір болды. Соның қызына үйленіп, қайын атасы дұшпандарының қолынан қастандықпен қаза тапқанда тағына бұл отырады. Қол астына қарайтын ұсақ хандықтардың басын біріктірмек болып, бірін-біріне айдап салып, «қай жеңгенің менікі» деп өзара қырылыстырып қояды. Алыстан ауыр қолмен Ұлы хан келгенде оған жағынып, алдынан шығып қарсы алады. Алайда Ұлы хан бұған сенбей, тақтан түсіріп, қолбасы етіп қояды. Тіпті мұны хан тұқымына қастандық жасағалы жүр деп өлтірмек те болады. Бұл қашып жүріп, әйелі екеуі талай қиыншылық көреді. Қолға түсіп, зынданда да жатады. Тұңғыш ұлы да сол тар қапаста жатқанда дүниеге келген. Әйелімен екеуі соншалықты азапты көре жүріп, ол ақыры дұшпандарын жеңіп, осындай дәрежеге жетіп, бақ пен тақтың иесі болды.

Өміршінің дүниенің баянсыздығы туралы ойлары өз даңқын асырып, атын мәңгілікке қалдыру дейтін пендешілік ниетімен ұштасып жатыр. Кеше мен бүгін және ертең ұғымдарының өзара қатынасы, бірін-бірі жалғастыратын немесе жоққа шығаратын концептуалдық мәні тұлғалық-әлеуметтік талдау мен пайымдау арнасында көрінеді. «Күштіліктің шын аты – Мәңгілік... Мәңгілікпен сол бет қаратпас алапат күш қана тіл табыса алады. Әлжуаздың ажалы бүгіннен, екі ортадағы дүрегейдің сазайы – ертеңнен, ал атасын танымас алып Күштің Мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ» (Кекілбаев, 1989). Кейіпкеріміздің ойынша, бүгін – «қорқыныш пен үміттің екіұдай аралығы», сондықтан ертеңге сенімді болу тек Күштінің ғана қолынан келмек.

Романда Өміршінің ақылдылығын танытатын айла-амалдары да, пендешілік ой-танымы да айшықты ашылады. Автордың баяндауынша, ол – барынша ақылды, сұңғыла жан. Астындағы тағын сақтап қалу үшін қандай зымиян қулыққа, қаныпезер қатыгездікке барады. Сөйтсе де, ол ұдайы қаталдыққа ғана сүйене бермей, қажет жерінде өзін қайырымды қылып та көрсете алады. Елді апса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын мұндай шексіз билік пен дәулетті баянды қылу да оңай емес, ол үшін айла мен ақыл керек екенін жақсы біледі.

«Қайда да айла таппас тығырықтан қаш», – деген өмірлік қағидасын берік ұстанатын Өміршінің сардарларының құлағына құйып бағатыны да сол. Күштіліктің алдырар жері әлсіздік болса, әлсіздік де – тығырық... Одан қашып құтылар айла-амалыңның көп болғаны дұрыс деп біледі.

Өмірші даңқ жолында түрлі тәсілдерді қолдана біледі, ол билікті ұстап тұру үшін ылғи қаталдыққа сүйене бермейді, қажет жерінде қулық пен сұмдықты да берік қару етеді. «Даңқтың астындағы дүлдүлі – дақпырт. Парасаттының аузындағы керенау ақиқат қашан үзеңгіге аяғын салғанша, дарақының аузындағы далаңбай дақпырт екі етек болып елден бұрын жетпей ме?» (Кекілбаев, 1989). Қара халыққа өктем қарап, қарашаның құқын көзге ілмей менмендік танытқанмен, мұның атын дақпыртқа айналдырып, абыройын асырып, даңқын шығаратын да – сол қара халық. Сондықтан онымен есептеспеске, санаспасқа болмайды. Әйтпесе абыройына дақ түсіріп, артына жаман сөз ілестіріп алуы

кәдік. Даңқты дақырт арқылы шығарудың бір жолы – таңғалдыру: «Кішкентай көздерді не істесең де ірі істеп таңғалтасың. Таңғалған кісінің жақсы мен жаманды таразылап жатар шамасы қайсы?». Міне, Әміршінің мәңгі өлмес даңқын қалдыруға негізделген өмірлік философиясының қисыны осындай.

Үлкен елдің басын біріктіріп ұстау үшін небір зымиян әдіс-тәсілдерді қолданады. Сондай тәсілдерінің бірі – өзінің төңірегіндегілердің ішіндегі қауіпті деп санайтын, құманданатын адамдарын көзден таса қылмай, қашан да өзімен бірге алып жүретіндігі. Егер олай етпесе, олар ел ішіне іріткі салып, биліктің дұшпандарын көбейтуі, халықты көтеруі, хандыққа қауіп төндіруі мүмкін. Ол ешкімді өзіне дос санамайды, жұрттың бәріне сенімсіздікпен қарайды. Тіпті бүкіл сарайда оның алыстан орағытып жатпай, бұқпантайсыз әңгімелесетін адамдары – қазына бастығы мен күтуші кемпір ғана.

Алмас хан – ел басқарудың ұңғыл-шұңғылдарына жетік, әккі билеуші болуымен қатар, адамның ішкі жан дүниесін түсінетін, оған ықпал ету жолдарын терең білетін психолог та. Әмірші қол астындағы халқын тек қаталдықпен ғана емес, қажет жерінде түрлі әдіс-амалдармен көңілінен шығып, қызметіне қарай марапаттап, ынталандырудың да жолын біледі. Сондай бір әдеті туралы автор былай деп жазады: «Үлкен жеңістен соң, әсіресе алыс жорықтардың алдында қолбасыларының басына алтынды жаңбырша жаудыратын мұның қашанғы әдеті. Күнгейдегі бай елді шапқандағы мол байлықты да, кешегі мағрұп елдерінен түскен мол олжаны да ол қолбасылары мен ержүрек жауынгерлеріне аямай-ақ үлестіріп баққан-ды. Әскер төңірегіндегі адамдарды өзінің сіңірген еңбегінен он есе бағалаған жөн. Сонда олар қандай қанды қасапқа айдасаң да, құлшынып тұрады» (Кекілбаев, 1989).

Жаулаған елінде қырғын салып, мыңдаған адамның қанын судай төккен бір сапарында олжаға таласып жағаласып жатқан екеуді көріп, сыптығыр қараның қолын шауып, еңгезердей соқырды арашалап қалған мұның қайырымдылығы аңыз болып кететіні – соның мысалы: «Содан бұл қайтар жолда қай қалаға соқса да, алдынан ғаріпті қорғаған қайырымды билеуші туралы аңыз шықты да отырды».

Романдағы басты үш кейіпкер (Алмас хан, Кіші ханым және Жаппар шебер) бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Олардың жас мөлшері де әрқелкі, өскен ортасы, әлеуметтік жағдайы да бөлек, тағдыры да әрқилы, тіпті өмірге көзқарасы да өзгеше. Оларды ортақтастырып тұрған, ішкі сезімдері мен жан дүниесін ашуға себеп болып тұрған – Кіші ханым жорықтан қайтқан Әміршінің құрметіне тұрғызған көрікті көк мұнара. Кейіпкерлердің көңіл-күй толғаныстары, рухани күйзелістері мен өмірге көзқарастарын айқындайтын рухани ширығулары осы мұнарадан бастау алып отырады. Мұнара – әсемдік пен асқақтық және соған қатысты пенделік-тұлғалық көзқарасты бейнелейтін символ, кейіпкерлер характерін ашуға жетелейтін қозғаушы күш. Мұнара – материалдық нысан ғана емес, кейіпкерлердің рухани әлеміне жол ашып, ой-танымын әйгілеп, іс-әрекетіне бастау беретін мотивтік нысан, шығарма идеясының кілті.

«Аңыздың ақыры» – психологиялық роман. Мұнда адамның психологиясын, ішкі жан дүниесін, терең сезім қатпарларын ашып көрсетуге үлкен мән берілген. Шығарма кейіпкердің ішкі әлемін ашуға арналған, сюжеттік өзегі – адам тұлғасы, оның жан дүниесінде психологиялық процестер жүріп жататын рухани өмірі. Романның бірінші және соңғы тарауында жазушы сана ағыны, психологиялық талдау жолымен Әміршінің ішкі әлемін керемет ашады.

Бұл орайда Ә.Кекілбаевтың көркем бейне сомдаудағы ерекше қабілетін – адамның ішкі әлемін, жан дүниесін ашып көрсететін, адам болмысына терең бойлаудың алуан амал-

тәсілдерін тапқан психолог жазушы екендігін көреміз. Әдебиет сыншысы Т.Тоқбергенов: «Әбіш творчествосының қасиеті деп мен оның бар шығармасына ортақ психологизм, драмалық ішкі қақтығыс, ой-сезімнің ағыл-тегіл ақтарылуын айтар едім. Және осы қиын да күрделі, әрі-беріден соң суреткер атаулыны азапқа салатын жұмбақ күш – әлгі сезім-сезікке лайық тіл бедерін табуы дер едім», – дейді (Тоқбергенов, 1981). Психологизм – көркем сөз өнерінің тектік белгілерінің, айқындауыш эстетикалық принциптерінің бірі. Ол кейіпкер психологиясына бойлаудың түрі, суреткердің кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан құбылыстарды шынайы жеткізудің, характерді ашудың жолы. Адам бойындағы ой, сезім, ниет-пейіл қалыптасуын, санадағы эмоционалдық, психологиялық құбылыстардың ағымы мен қайшылықтарын жаңғырту көбінесе психологиялық талдау жолымен жүзеге асады.

Романда кейіпкер психологиясын ашуға қызмет ететін компоненттердің ішінде, әсіресе, символдар ерекше қолданылған. Сондай символдардың ең бастылары – қызыл алма мен көк мұнара болса, қайсыбір идеяларды бойына жинақтап, өзіндік көркем образ дәрежесіне көтерілген олардан да басқа символдар бар (ақ қарабас құрт, ойылған қос жанар, кесілген тіл, жымысқы күлкі, Әміршінің саусағынан сусып түсіп қалатын күміс жүзік т.б.).

Шығарма оқиғасын дамытуға серпін беретін негізгі образдар да – осы «қызыл алма» мен «көк мұнара» символдары. Жорықтан кейін еліне келіп, екі ай бойы жеңіс тойын тойлағаннан кейін қызметші әйел табаққа салып алдына әкелетін ішіне құрт түскен қызыл алманың қандай сыры бар екені Әміршіні ойға батырады. Мұның тегін емес екенін біліп, ары ойлап, бері ойлап, ақыры түн жамылып Кіші ханымның бөлмесіне барғанда оның «ұйықтап жатып шайтансырап ыңыранған оғаш дыбысын естіп», көңіліне бірден күдік ұялайды.

Әмірші бәйбішесінің өзегіне құрт түскен қызыл алманы не үшін жібергенін, оның меңзегені Кіші ханым екенін түсінеді. Көк күмбезді мұнара туралы ойланады. Көк мұнараның өне бойынан сезілетін махаббат екеніне көзі жетеді. Бірақ ол кімнің кімге деген махаббаты? Жазушы көк мұнараның бойындағы жұмбақты, көрген адамды арбап алатын, түрлі әсер етіп, сан ойларға жетелейтін сиқырын шеберлікпен бейнелеген.

«Мұнара» деп аталатын екінші тарауда Жаппар шебердің жайы баяндалады. Жаппар – ғажайып өнер иесі, мұнараны салған шебер. Ортөбелік құмыра жасаушы шебердің баласы. Құмырашы шебердің бұл жаққа қайдан келгенін ешкім білмейді. Бір күзде бейсаубат бір керуенге ілесіп келген де, осы жақта біржола қалып қойған. Бір жетім қызға үйленіп, балалы-шағалы болады. Өзі ешкімге сыр ашпайтын тұйық, біртоға кісі екен. Балаларының ішіндегі Жаппарды ғана өзіне жақын ұстайды. Соған ғана көңілі бітіп, шеберлікке баулиды. Жаппар оның көңілінен шығып, шебер құмырашы болады.

Қыс бойы төсек тартып жатып қалған әкесі жазғытұрым басын көтеріп, шаруаға айналысады: жер жыртып, дән себеді, жеміс ағаштарына күтім жасайды. Сосын балаларын жинап алып, әрқайсысының қандай шаруа істейтінін айтып, жұмыс тапсырады да, Жаппарды ертіп жолға шығады. Көп күн жүріп Байтақ шаһарына жеткен олар әкесінің бұрыннан танысы Ахмет саудагердің үйіне келіп тұрақтайды. Соның көмегімен әке мен бала қалада хан салдырып жатқан мешіттің құрылысшыларының қатарына алынады. Жарты жылдан соң әкесінің ескі сырқаты қайта қозып, қайтыс болады. Өлер алдында баласына айтқан «кетпе» деген бір ауыз сөзі ғана құлағында қалып қояды.

Мешіттің құрылысы біткеннен кейін бір күні бас уәзір мұны шақыртып алып, мұнара салуға тапсырма береді. Жаппар шебер Байтақ шаһардың ішін аралап жүріп, ақыры Кіші

ханым тұратын бақтың түстік жағындағы оңашалау алаңқайдан жер таңдап, сол жерге қазық қағады. Автор шегіністер арқылы Жаппардың өмір жолын шола отырып, жұмысқа қызу кіріскен шағын баяндай келе, кейіпкердің ішкі ой-толғаныстарына да жеткілікті орын берген.

«Аңыздың ақыры» романы кейіпкерлерінің ішкі ой-толғаныстары көңіл-күй, көзқараспайым арнасында сәт сайын дамып, алмасып, динамикалық түрде өрістеп отырады. Жаппардың мұнара туралы ойы да осылайша бірде олай, бірде былай өрбіп, ішкі жан күйі, мақсат-мұраты мен арман-аңсарын танытады.

Салынып жатқан мұнараны көруге келген Кіші ханымға Жаппар ғашық болып қалады. Бұрын Ахмет саудагердің қызы Зүһраға деген сезімін тұсаулап, оған іңкәрлігін білдіре алмай, айырылып қалған жігерсіздігіне іші өртеніп жүрген Жаппардың есінен енді күндіз-түні Кіші ханым кетпей қояды. Оған деген ғажайып сезім Жаппардың жанын азапқа салып, бірде жұмысына бөгет болса, енді бірде шабыт береді. Шебер күнде мұнараның басына шығып алып, Кіші ханымды бақылаумен болады, оның нөкер қыздармен серуенге шыққанын, хан бағындағы көлге шомылғанын биіктен үнемі қарап отыру үшін мұнараның сол жақтағы кетііп тұрған тесігін бітемей қояды. Ол кетікті бітесе, сүйікті адамын енді көрмей қалатындай сезінеді. Әміршінің ұлы жорықтан қайтып келе жатқан хабары шығысымен, мұнараны бітіру үшін шебердің қалауын таппаққа Кіші ханым өзі қылып көрсетіп, нөкер қыздарының ішіндегі ең бір көріктісін шеберге жібереді. Оны Кіші ханым деп қабылдаған шебер мақсатыма жеттім деп ойлайды.

Жаппар – ғажайып өнер иесі. Ол өзінің өнерінің арқасында елдің алғысына бөленеді. Ханның сеніміне ие болған оған тамаша мұнара салу тапсырылады. Кіші ханымға деген іңкәрлігі оны ең көрікті мұнара салуға жетелейді. Көп ізденіп, бұрын-соңды болмаған ғимарат тұрғызуға кіріседі. Елдің бәрінің көңілінен шығатын ғажайып мұнара тұрғызады. Бірақ қаншалықты хас шебер болғанымен, бойындағы өнерінің жемісін жеп, рахатын көрудің орнына, азапқа түседі. Оның маңдайының бағы да, соры да – бойындағы өнерінде. Автор даңқ пен мансапқа өнерді қарсы қою арқылы өнер адамдары мен билік иелерінің арасындағы қайшылықты көрсетпек болады. Атақ пен даңқ – өткінші, алдамшы, баянсыз болса, өнер – мәңгілік, ол қай заманда да адамзатқа қуаныш сыйлайды, заманалармен бірге жасап, талай ұрпақтың қазынасына, мұрасына айналады.

Жаппар шебер өз өнерінің, өзінің ессіз ғашықтығының құрбаны болды. Ол Кіші ханымға ғашықтығының ақыры жақсылыққа апармайтынының, ауыр жазаға ұшырауын білсе де, одан бас тартпайды. Оның махаббатына ештеңе кедергі болмақ емес. Махаббат та – ішке түскен сырқат секілді адамды көзсіз байлайтын жұмбақ сезімінің тұмасы ғой. Ғашықтық сезім, адал махаббат қана адамды бақытты етеді. Шебер жас жігіт Кіші ханымға деген іңкәрлігін бүкпей, неге болса да бас тігіп, қандай жаза болса да қарсы алуға бейіл. Ханыммен болдым деп сенген ол өз күнәсін жасырмақ емес, өз махаббаты жолында ажалын қасқая күтеді. Жаппардың Кіші ханымға деген махаббаты таза, пәк, ол адамшылығы мен махаббатқа адалдығы жағынан Әміршіден әлдеқайда биік тұрады.

Романдағы психологиялық тереңдікпен бейнеленген кейіпкерлердің бірі – Кіші ханым. «Махаббат» деп аталатын тарауда Кіші ханымның ішкі күйзелісін, жан жүйесінде болып жатқан психологиялық процестерді, әйелдің аянышты тағдырын шебер суреттейді. Сырттай қарағанда, Әміршінің кіші әйелі болу – үлкен бақыт сияқты, өзі сұлу, өзі жас, үлде мен бүлдеге оранып, салтанатты сарайда қаншама күтушілерді жұмсап, қалағанын істетіп, ханның сүйіктісі болып отырған онда арман жоқ секілді. Алайда, ол өзін бақытты

сезіне ме? Небір асыл қазына, ен байлықтың ортасында отырса да, жар жылуын сезіне алмай, сырласатын жан таппай жалғыздықты сезінуі – оның трагедиясы емес пе?

Әрине, ол Әміршіні медет тұтады, оған адал болғысы келеді. Ұзақ жорықтан келе жатқан хан иенің алдынан өзінің сағынышын білдіретіндей, Әміршіні риза қылатындай өшпес ескерткіш салуды ойлайды: «Ол Ұлы Әміршінің өзіне деген қимас көңілінің есесін риясыз махаббатымен ғана қайтара алады. Одан басқа еш қайраны жоқ...» (Кекілбаев, 1989).

Кіші ханымның осынау адал махаббаты мен сағынышының белгісіндей махаббат мұнарасын салғызу идеясы қаншалықты дұрыс болғанмен, шын мәнінде, бәрі керісінше болып, өзінің де, шебер жігіттің де сорына айналарын білмейді. Олардың тағдырындағы қасіретті бетбұрыс осы мұнарадан басталады. Ақыры шебердің мұнараны бітірмей жатқанының сырын түсінеді. Шебер мына мұнараға алыстаса қиып кете алмайтын, жақындағанмен бәрібір қолы жетпейтін үмітсіз махаббатын бейнелеген, өлімге де риза есірік дәмесін, ессіз құштарлығын бейнелеген, ол мынау кетік мұнараның басынан өздігінен түспейді.

Шебер жігіттің мұнараның хан бағы жағындағы кетікті бітемей қоюы алғашында Кіші ханымның ашуын туғызады. Ол әуелі «аспандағы айға қол созған» немені тәубесіне түсіріп, жазалауды ойлайды. Сосын мұнараны түгін қалдырмай бұздырып тастамақ та болады. Тіпті алдына барып, «мұнараны тезірек бітіре көр» деп жалынуды да ойлайды. Ақыры Жаппарға өзінің орнына бір сұлу нөкер қызын жіберіп, шебер жігіт құрылысты аяқтап шығады.

Кіші ханым өз тағдырына мойынсұнып, ханға адал болғысы келеді, бірақ ол махаббат па, басқа ма? Мүмкін кіріптарлық, әлде жар жылуын аңсаған құштарлық шығар? Ханым ол арасын ажыратып жатпайды. Кейде ойында күмән мен күдік те орын алады. Он жетіден жаңа асқан шағында ханның ордасына түскен ол махаббаттың қызығын көріп жарыды ма? Жалғыздықтан елігізетіні неліктен?

Ханымның киіміндей киім киіндіріп, өзіне ұқсайтын нөкер қыздардың бірін Жаппар шеберге жұмсап жібергенде, сол қыздың әңгімесін тыңдап отырып бастан кешетін көңіл-күйін суреткер психологиялық талдау жолымен ашады. «Жас-жастың тілегі бір» дегендей, осындай сезімді бастан кешіп отырған ханымның ішкі әлемінде не болып жатқанын байқау қиын емес. Жастық құштарлық өз дегенін істетпей қоя ма? Өңінде таза ақыл, сергек санамен адалдығын аңғартса да, ұйықтап жатып ұйқысыраған әрекеті оны әшкерелеп, жан-сезім құпиясын ашып қояды. Оның мұндай «шайтансыраған» құштарлығын көрген Алмас хан түңіліп кетеді. Ханды қанша күтсе де, бөлмесіне неге келмей қойғанын түсінбей жүрген ханым күтуші әйелден түнде бөлмесіне ханның келіп, бірақ көп кешікпей қайта шығып кеткенін естігеннен кейін, өзінің күнәсін сезіп, жан күйзелісіне түседі.

Ханым осы күнәсі үшін ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жазаға тартылатынын біледі. Оған Жаппардың еш жазығы жоқ, өзіне өлердей ғашық болғаны үшін ол еш кінәлі емес. Жүрекке әмір жүрмейтінін жақсы түсінеді. Бар айып өзінде екенін мойындап, қандай жаза болса да қабылдауға дайын. Ханым Жаппардың еш кінәсі жоқтығын айтып, Әміршінің алдынан өтеді, бірақ ол әрекетінен ештеңе шықпайды. Автор Ханымның жан азабын, ішкі ойлары мен сезім шарпысын жеріне жеткізе психологиялық талдау, сана ағымы жолымен тереңдей суреттейді.

Кіші ханым тағдыры – бас бостандығы шектелген, әйелдің жүрек қалауына еркіндік берілмеген, әйел сұлулығы қолында билігі мен байлығы бар күштілердің ойыншығы

болған қатал замандағы мыңдаған тағдырлардың бірі. Ол адам ретінде де, әйел ретінде де бақытсыз болып, өзінің тағдырының құрбаны болды. «Қай-қай заманда да арулар өмірі – қатал заманның ойыншығы, қатал әміршінің, тәтті ләззаттың ғана құралы болғандығы белгілі. Қалай дегенде де, Кіші ханым бейнесі – сұлулық пен пәктіктің, адалдық пен аңғалдықтың, ақылдылық пен табандылықтың символы», – деп жазады ғалым Қ.Жүсіп (Жүсіп, 2000).

«Аңыздың ақыры» аталатын соңғы тарау романның эпилогы іспетті. Алғашқы үш тарауда роман сюжетіндегі оқиға үш тараптың – Алмас хан, Жаппар шебер және Кіші ханымның көзімен, көңіл күйі мен ішкі жан дүниесі арқылы баяндалып баға берілсе, бұл тарауда содан кейінгі жайлар, оқиғаның немен аяқталғаны суреттеледі.

Автор Әміршінің жарты әлемді жаулаған айбынын, қолбасылық дарынын, қанқұйлы жыртқыштығымен қатар, қатардағы пенде ретіндегі тағдырдың алдындағы қауқарсыздығын, жан күйзелісі мен қайшылықты тағдырын шынайы бейнелейді. Ол бір ауық өмірдің қатал заңдылығына мойынсұнып, өмірдің өткіншілігі, даңқтың тұғырына жетіп, қолында қанша билік болса да, тағдырына қарсы келе алмайтыны, оның алдында әлсіздігі жайлы ойланады. Адам бойындағы менмендік, тәкаппарлық, қызғаныш, көре алмаушылық, атаққұмарлық, билікқұмарлық, астамшылық сияқты мінез-құлық міндерінің асқынуы Әміршінің тағдырын қиындатып, жан азабына салады. Ақылды, ойшыл адам ретінде ол кеш те болса бес күн тірліктің жалғандығын, осы кезге дейінгі тірлігінің бәрі бекер екендігін түсінгендей болады, бірақ одан дұрыс қорытынды шығара алмайды.

Жазушы Әміршінің бойындағы өз мақсатына жету үшін және уысындағы билікті ұстап тұру, одан әрі нығайту жолында зорлық пен зұлымдықтың, айла мен амалдың неше түрін қолдануын әшкерелеуге назар аударады. Өзін қаншалықты құдіретті, күшті деп есептесе де, шынтуайтқа келгенде, ол да дәрменсіз пенде екенін сезеді: «Неткен тамұқ дүние... Бүгін келіп байқаса, сол өзгелерді матап келген қыл тұзақ, енді міне, өзінің де аяқ-қолын шырмай бастапты. Жұрт бұрын Әміршінің көзі мен сөзінен қорқатын болса, енді міне, Әмірші де жұрттың сөзі мен сөзінен қорқатынды шығарыпты», – деп жазады автор.

Сыншы С.Әшімбаев аталмыш шығарма туралы былай деп жазады: «Роман бастан-аяқ ойға, толғанысқа толы, кәділгі интеллектуалдық дәрежедегі философиялық шығарма. ...Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін – философиясы мен терең психолог екендігін, бір сөзбен айтқанда, жазушылық жоғары интеллектін айрықша дәлелдейді» (Әшімбаев, 1999).

Әмірші қалың қолымен жаңа жорыққа аттанып барады. Өткелден өтіп бара жатқанда астындағы аты сүрініп кетіп, ханның сұқ саусағындағы күміс жүзігі түсіп қалады. Бұл алдағы болатын оқиғадан хабар беретін тұспал іспетті. Мұны хан да жақсылыққа жори алмай, секем алып қалады. Қолдан сусып кететін билік қана емес, ханның ажалына көрінген болуы керек.

Жолда тұсынан өтіп бара жатқан ханға жұрт жаппай жапырылып, иіліп-бүгіліп тағызым етіп жатқанда оқшау шошайған бірдеңеге көзі түседі. Аласа арбаның үстіндегі құмыралардың ортасында біреу отыр. Иә, Әмірші Жаппар шебердің қос жанарын ағызып жіберіп, тілін қырқып, айдалаға апарып тастауға әмір еткен еді. Міне, сол жігіт енді алдынан шығып отыр. Оның хан алдында қаймықпай еңсесін тік ұстап, жанарсыз көзін алысқа қадап мелшіе тік отыруы да көп нәрсені аңғартады. Ұлы өнер туындыларын дүниеге әкелген өнер адамдарын, хас шеберлерді жасыту, өр кеудесін басып, сағын

сындыру мүмкін еместігін тұспалдайтындай. Ұлы өнер туындылары мен адамзатқа жасалған жақсылықтың ғана мәңгілік екенін жазушы осылайша оқырманға аңғартады.

Соңғы кезде Әміршінің тұла бойын бір мазасыздық басып, өзін жайсыз сезініп жүреді. Аңға шыққан кезінде жайсыз түс көреді. Түсінде жер түбіндегі киелі өлкеге сапарлап, көппен бірге қажылыққа барып жүр екен дейді. Бірақ қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған жеткізбей қояды. Жолда келе жатқанда бұған жолбарыс тап болып, одан аман қалады. Жорыққа аттанғанда да жол бойы соқыр жігіт көз алдынан кетпейді. Әмірші өзінің ажалының таяп қалғанын сезгендей болады.

Сөйтіп Әмірші қаншама атағы жер жарып, билік пен байлықтың қызығын көрсе де, өзі туралы артына аңыз қалдырамын деген арманы адыра қалып, кез келген пендеге тән өлім құшады. Романдағы Әміршінің ойымен пайымдалатын: «Ендеше, жұмыр басты пендеге соншама көп нәрсе керек емес екен. Жұмыр басты пенденің кез келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рахатынсыз қонған бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен» (Кекілбаев, 1989), – деген жолдар бүкіл шығарманың лейтмотиві, идеялық түйіні іспетті.

Әбіштанушы ғалым Ж.Дүйсенбаева: «Әбіш – ең алдымен, гуманист жазушы. Оның сол қыры «Ханша-дария хикаясы» мен «Аңыздың ақыры» романында тіпті көрініңкірейді. Әділдік пен жауыздық, екеуі де өміршең, мәңгілік қарсыластар болғанымен, түптің түбінде, алдыңғысының аты озды. «Ханша-дария хикаясында» ол кептер болып көкке самғап кетіп, Шыңғыстың масқара өлімін әлемге әйгілесе, «Аңыздың ақырында» ол мұнараға айналып, уақытпен бірге бой түзеп, әуелеп қалды. Екі шығармадағы қос билеуші болса, әлдеқашан жер түбіне кеткен», – дейді (Дүйсенбаева, 2009).

Романда Әміршінің образын толықтырып, характерін аша түсу мақсатында Сүлеймен пайғамбар туралы аңызды, Пірмен кездесуін, құран сүрелері мен оның түсіндірмесін де пайдаланады. Алмас хан алыс сапарға аттанарда Піріне жүгініп, оның батасын алып кететін болған. Оған соңғы рет барғанында, Пірі ықылассыз қабылдайды. Жақында көрген түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыстың жайын айтқанда, сәл ойланып: «...Кие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан», – деп әңгімесін қысқа қайырады. Ақ сұр қазіреттің құран ашып, оны түсіндіретін әдеті де Әміршінің жаратқаннан медет сұрап, жолын аштыратын мұсылмандық болмысын көрсетеді. Шығармадағы риторикалық сұрақтар пен интонациялық тыныстар да ұдайы роман-тәмсілдің шырайын ашып, көркемдік қасиетін үстеп отырады.

«Мәтіннің жаны – тіл. Бұл – әдебиетте ескеруге тиісті ең басты шарттың бірі. Ал көркем шығарма тілінің қолданыс мәнері әдеттегі қалыптан өзгеше сипатқа ие екендігі тағы белгілі» (Райан, 2019). Жазушының суреткерлік шеберлігінің бір ерекшелігі – көркемдік деталь-штрихтарға салмақты жүк артып, символдық белгілерді қолданып, мақал-мәтел тектес ойшылдық-пайымдық айтылымдарды өнімді және тиімді пайдалануында. Роман тілінде жағдай мен кейіпкер әрекетін өзектендіре түсетін қанатты сөздер мен афоризмдер сынды айтылымдар мол ұшырасып отырады: «Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір – екеуі де абыройыңды айрандай төгеді»; «Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?!»; «Ұрғашының қашанға қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерден әйел намысын тонатып құтылады» (Кекілбаев, 1989) т.б.

Қорытынды

«Әдеби шығарма – негізінен, идеяны немесе автор идеясын білдіру құралы болып табылатын өнер түрі. Адам өмірі мен оның беттесетін түрлі проблемалары әдеби

шығарма тудыруда автордың шабыт көзі болады. Екінші жағынан, әдеби шығарманы автор оқырманға өзінің өмірге көзқарасын білдіру үшін жазуы мүмкін» (Safitri et al., 2021). «Аңыздың ақыры» романында автор аңыздық деректерді пайдаланып, жақсылық пен жамандық тайталасындағы биік гуманистік идеяларды көркемдік елегінен өткеретін жалпыадамзаттық мәселелерді көтереді. Шығарманың өзегінде автордың адамгершілік, гуманистік көзқарастары жатқаны анық.

«Кекілбаев кеңес әдебиетінің социалистік реализмінің қатаң талабынан шығып, адам тағдырының шындығына қайта оралып жатқан кезеңде қазақ әдебиетіне жаңа тыныс әкелді. ...Кекілбаев шығармашылығы бүгінгі қазақ қоғамына қажет тақырыптарды қозғайды. Оның философиялық тақырыптары адамзаттық мәселелерді қозғап, өмірдің мәніне ойшылдықпен қарауға үйретеді» (Kabylov et al., 2024). Жазушының «Аңыздың ақыры» романы өмірде орын алған жағдайлар мен жеке адамның рухани тәжірибесі арасындағы алшақтық, адамның онтологиялық жалғыздығы мен оған қарсы тұруға қауқарсыздығы, рухани қорғансыздығы секілді әлеуметтік-тұлғалық нюанстарды бейнелеуі арқылы кейіпкерлерінің тағдырына оқырмандаын жақындата түседі әрі солардың басынан кешкен жайларды жақсы пайымдап, жақынырақ сезінуге мүмкіндік береді.

Көрнекті ғалым Қ.Ергөбектің: «Әбіш Кекілбайұлы – өзіне дейінгі адамзат көш-керуенін жұмыр басты пенде ретінде жалғаушы ғана емес, өзіне дейінгі адамзат баласы кешкен тарих, көрген мұхнат, күйзелген, күңіренген, қуанған қайғы-қасіретімен қоса суреткер ретінде сахнаға алып шығып, көрерменнің көз алдында, оқырманымен ойласа отырып талдап, өзіне дейінгі тарихтың қорытындысын көркем шығарған, бағасын берген, одан нені алуға болады, нені алуға болмайды, бүгінгі таңға, ендігі ұрпаққа соның қайсысынан үйренуге, қайсысынан жиренуге керек, соның бәрі-бәрісін философиялық тұрғыдан жентектеп бере білген көркемдік жинақтаудың құзар шыңына шаққан аса күрделі философ жазушымыз», – деген пікірінің жазушы шеберлігін бағалаудағы әділ ұстаным екендігіне көзіміз жете түседі (Ергөбек, 2016).

«Жазушы нені жазса да, тереңнен қаузап, айтарын жеріне жеткізе, оқырманын тебіренге жазады. Әрбір тілдік қолданыс мағынасының ұңғыл-шұңғылына көз жіберіп, мағыналық-көркемдік жағына қапысыз таңдау жасайды. ...Суреткердің дәстүрлі шешендік мәнермен көсіле баяндайтын кестелі тілі терең мазмұн, парасатты пайыммен үйлескен кезде абыз шешеннің кестелі сөзіндей ерекше өрнек табады» (Қабылов, 2025).

Қорыта айтқанда, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында автор өмірдің өткіншілігін, дүние қызықтарының жалғандығын, атақ-даңқ пен шексіз биліктің баянсыздығын көрсету арқылы өмірде тек жақсылық жасап, артыңа жақсы атыңды қалдыру парыз деген идея ұсынады. Жазушының гуманистік көзқарасы мен суреткерлік шеберлігі ХХ ғасырдағы қазақ романына жаңа леп әкелгенін айту парыз.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP19678872)

Мақала бойынша авторлар мүддесі қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Ә.Д. Қабылов мақаланың негізгі идеясы мен тақырыбын ұсынды, зерттеу материалдарының негізгі бөлігінің талқылауларын жүйеледі. Н.С. Камарова материалдарды жинақтап, зерттеу материалдарының нәтижелерін айқындады және

мақаланы рәсімдеумен айналысты, мақаланың әдістемесі мен қорытынды бөлімін жазды. Мақаланың тұтастығы мен деректердің дәйектілігін зерделеді.

Әдебиеттер тізімі

- Әшімбаев, С. (1999). Ой мен оқиға. In Кеңілбаев, Ә. XII томдық шығармалар жинағы (Vol. 3). Жазушы.
- Дүйсенбаева, Ж. (2002). Әбіш Кеңілбаев – суреткер. Нұрлы әлем.
- Дүйсенбаева, Ж. (2007). Әбіш Кеңілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы. Нұрлы әлем.
- Дүйсенбаева, Ж. (2009). Әбіш Кеңілбаев және замана шындығы. Нұрлы әлем.
- Ергөбек, Қ. (2016, December 8). Телегей теңіз. Ақтөбе, (228–229).
- Жүсіп, Қ. (2000). Шың мен шыңырау. Әбіш Кеңілбайұлының прозасы хақында. Әдеби сын-зерттеу. Арыс.
- Кеңілбаев, Ә. (1989). 2 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Роман, повестер. Жазушы.
- Кобжасарова, С., Хамидова, А. (2022). Принцип историзма в творчестве А. Кеңілбаева. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология, 141(4), 196–201. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-196-201>
- Қабылов, Ә., Қамарова, Н., & Жайлауов, Б. (2025). Әбіш Кеңілбаев және шешендік дәстүр. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 1(150).
- Піралиева, Г. (2001). Ізденіс өрнектері. Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбат.
- Райан, М. (2019). Әдебиет теориясы. Кіріспе. ҰАБ.
- Тоқбергенов, Т. (1981). Қос қағыз. Жазушы.
- Ысқақбай, М. (1975). Кең тыныс. Жұлдыз, (4), 204–221.
- Ismakova A., N. Akysh, A. Akhmetova, A. Kaliyeva, & S. Shortanbayev (Trans.). Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse (2019). *Space and Culture, India*, 7(3), 68-75. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i3.468>
- Kabylov, A., Anes, G., Kamarova, N., Burkitbaeva, A., Zhailovov, B., & Shokhayev, M. (2024). Cultural identity of public consciousness in Kazakhstan literature education: Effects of a new teaching method. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 11(1), 119–141. <https://doi.org/10.29333/ejecs/1954>
- Safitri, D., Waluyo, H. J., & Saddhono, K. (2021). The value of character education in short stories *Perempuan* by Mochtar Lubis collection: A postcolonial approach. *American Journal of Humanities and Social Sciences Research*, 5(1), 1–5. <https://www.ajhssr.com/wp-content/uploads/2021/01/A215010105.pdf>

А.Д. Кабылов, Н.С. Камарова*

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

Идейно-художественные особенности романа «Конец легенды» А. Кеңілбаева

Аннотация. В статье рассматриваются идейно-художественные особенности романа выдающегося писателя Абиша Кеңілбаева «Конец легенды». Это произведение, своим новаторством привлекающее внимание к творчеству автора, было произведением,

которое с большой художественностью раскрыло душу героя, глубоко погрузившись в его внутренний мир. На примере творчества писателя рассмотрены характеристики «переплетенного стиля», когда в произведениях писателя переплетаются авторское повествование и слова, мысли, внутреннее состояние души героя, что было в свое время новизною в нашей литературе. На мировоззренческой концепции романа можно наблюдать влияние экзистенциализма, акцентирующего внимание на различных тайнах человеческой жизни в философии XX века. Необходимость понять уникальную сущность жизни человека, проследить внутренний мир человека путем изображения его духовной и эмоциональной природы с психологической точки зрения, что привлекает внимание читателей. В модернистской литературе, акцентирующей внимание на личной жизни человека, мире его чувств, особенностях восприятия происходящих вокруг событий, изображение мыслей, впечатлений, состояния души через «поток сознания» проявляется поэтический стиль писателя. Анализируются идейно-художественные особенности романа с точки зрения индивидуально-стилевых особенностей автора.

Ключевые слова: Абиш Кекильбаев, проза, роман, жанр, тема, идея, художественность.

A.D. Kabilov, N.S. Kamarova*

Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Sesenov, Aktau, Kazakhstan

Ideological and artistic features of the novel «The End of the Legend» by A. Kekilbaev

Abstract. The article examines ideological and artistic features of Kekilbaev's *The End of the Legend*. This work, which attracted attention with its innovation, revealed the hero's soul with great artistry, deeply immersing itself in his inner world. Using the example of the writer's work, the characteristics of the 'intertwined style' are considered, in which the author's narration and words, thoughts, and inner state of the hero's soul are intertwined in the writer's works, which was a novelty in our literature at the time. Influence of the existentialism movement, emphasizing various mysteries of humanity in the 20th-century philosophy, can be observed on ideological concept of the novel. The need to understand the unique essence of human life, to trace the inner world of a person by depicting his spiritual and emotional nature from a psychological point of view attracted the attention of readers. In modernist literature his world of feelings, the peculiarities of perception of events happening around him, the depiction of thoughts, impressions, and the state of the soul through the 'stream of consciousness' manifests itself in the poetic style of the writer. Ideological and artistic features of the novel are analyzed from the aspect of individual stylistic features of the author.

Keywords: Abish Kekilbayev, prose, novel, genre, theme, idea, artistry.

References

Ashimbaev, S. (1999). *Oy men oqiga* [Thought and Event]. In Kekilbaev, A. *XII tomdyk shygarmalar jina gy* (Vol. 3). Zhazushy.

Duysenbaeva, Zh. (2002). *Abish Kekilbaev – suretker* [Abish Kekilbayev as an Artist]. Nurly alem.

Duysenbaeva, Zh. (2007). *Abish Kekilbaev shygarmalaryndagy taryh tagylymy* [The Lessons of History in Abish Kekilbayev's Works]. Nurly alem.

Duysenbaeva, Zh. (2009). *Abish Kekilbaev zhane zamana shyndygy* [Abish Kekilbayev and the Truth of the Era]. Nurly alem.

Ergobek, K. (2016, December 8). *Telegei tengiz* [A Vast Sea]. *Aktobe*, (228–229).

Jusip, K. (2000). *Shyn men shynyrau: Abish Kekilbaiulyнын prozasy hakynda. Adebı syn-zertteu* [The Peak and the Abyss: On the Prose of Abish Kekilbayuly]. Arys.

Kekilbaev, A. (1989). *2 tomdyk shygarmalar jına gy. 1-tom. Roman, povester* [Collected Works in Two Volumes. Vol. 1: Novel, Stories]. Zhazushy.

Kobzhasarova, S., & Khamidova, A. (2022). *Printsip istorizma v tvorchestve A. Kekilbaeva* [The Principle of Historicism in A. Kekilbayev's Works]. *Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. Seriya Filologiya*, 141(4), 196–201. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-196-201>

Kabylov, A., Kamarova, N., & Zhailauov, B. (2025). *Abish Kekilbaev zhane sheshendik dastur* [Abish Kekilbayev and the Oratory Tradition]. *L.N. Gumilev Eurasian National University Bulletin. Philology Series*, 1(150).

Piralieva, G. (2001). *Izdenis ornekeri: Adebı syn, zertteu, sukhbat* [Patterns of Inquiry: Literary Criticism, Research, Interview].

Raian, M. (2019). *Adebiet teoriyası: Kirispe* [Literary Theory: An Introduction]. UAB.

Tokbergenov, T. (1981). *Kos kagys* [Double Beat]. Zhazushy.

Yskaqbaı, M. (1975). *Keng tynys* [Broad Breath]. *Zhuldyz*, (4), 204–221.

Ismakova, A., Akysh, N., Akhmetova, A., Kaliyeva, A., & Shortanbayev, S. (Trans.). (2019). *Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse. Space and Culture, India*, 7(3), 68–75. <https://doi.org/10.20896/saci.v7i3.468>

Kabylov, A., Anes, G., Kamarova, N., Burkitbaeva, A., Zhailovov, B., & Shokhayev, M. (2024). Cultural identity of public consciousness in Kazakhstan literature education: Effects of a new teaching method. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 11(1), 119–141. <https://doi.org/10.29333/ejecs/1954>

Safitri, D., Waluyo, H. J., & Saddhono, K. (2021). The value of character education in short stories *Perempuan* by Mochtar Lubis collection: A postcolonial approach. *American Journal of Humanities and Social Sciences Research*, 5(1), 1–5. <https://www.ajhssr.com/wp-content/uploads/2021/01/A215010105.pdf>

Авторлар туралы мәлімет:

Қабылов Әділет Дыбысұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Актау, Қазақстан. E-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Актау, Қазақстан. E-mail: nagbdu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9476-1596>

Қабылов Адилет Дыбысович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан. E-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан. E-mail: nagbdu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9476-1596>

Kabylov Adilet – Candidate of Philology, Professor, Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan. E-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9960-2380>

Kamarova Nagbdu Sultansihkyzy – corresponding author, Candidate of Philology, Professor, Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan. E-mail: nagbdu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9476-1596>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).